



**Үмітхан ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ**  
**Ұлттық академиялық кітапхананың басшысы**

### **Мен үшін мұражай қымбат**

– **Үмітхан Дәуренбекқызы, Астананың ерекше нысандарының бірі – «Атамекен» Қазақстан картасына 12 жыл толыпты. Әсем Астанаға көрік берген осы картаның тарихы туралы айтып беріңізші?**

– Өткенге көз жүгіртер болсақ, 2001 жылы 8 қыркүйекте «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені ашылған болатын. Бұл кешен тікелей Президенттің бастамасымен құрылған, ашылу салтанатына Елбасының өзі арнайы келіп, тұсауын кескен. «Атамекен» Қазақстан картасы» халықты ел тарихымен, мәдениетімен таныстырып қана қоймай, жас жеткіншектерді елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Кешен Астана қаласының әсем сол жағалауында орналасқан, небәрі 1,7 гектар жерге қазақ жерінің өткені мен бүгіні, рухани қазынасы мен құндылықтары, тарихи орындары мен ғажайып көрнекті құрылыстарының кішірейтілген үлгілері сыйып кеткен. Бастапқыда «Атамекен» этно-кешенінде 100-ден астам ғана макеттер болды. Міне, содан бері «Атамекеннің» көлемі де кеңейіп, макеттерінің саны да молайып, қазіргі кезде 500-ге жетті. Мұнда республиканың 14 облысы және Астана мен Алматы қалаларындағы тарихи жәдігерлер мен мәдени ескерткіштер, киелі орындар мен сәулетті құрылыстар бой көтеріп тұр.

– **Ашық аспан астындағы мұражайды арқа қысының қытымыр аязынан, жаздың аптап ыстығынан, селдеткен жауын-шашыннан қорғап қалу оңай емес шығар. Ол үшін аз қаражат кетпейтіні де белгілі...**

– Кешенді өз деңгейінде ұстап тұру үшін мемлекеттен тиісті қаражат бөлінеді. Бұған біздің мемлекетіміздің жағдайы жетеді. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстанның

әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында әлеуметтік салаға айрықша тоқталғанын білесіз. Нарық қиындығы десек те, бүгінде ол қиындықты еңсерген тәріздіміз. Бірақ азаматтарымыздың тұрақтылық пен игілік жемістерін қаншалықты тиімді пайдаланып жүргені маңызды мәселе болып табылады. Елбасы аталмыш мақаласында әр азамат ел игілігі жолында ерінбей еңбек ету керектігін баса айтқан болатын. Бұл мақсатта елімізде қолдан келгеннің бәрі жасалып жатыр. Мысалы, біздің кешенге республикамыздың түкпір-түкпірінен жас та, кәрі де, шетелдік қонақтар да ағылып келіп жатады. «Атамекен» Қазақстан картасы» кешені Астана қаласының оқушыларының білім деңгейі тереңдеп, жан-жақты қалыптасуына септігін тигізіп, жазғы демалыс уақыттарын тиімді пайдалануға үлесін қосуда. Балалар мұнда Қазақстан тарихына қатысты білімдерін тереңдетіп қана қоймай, әлеуметтік жағдайларын тұрақтандырып, ай сайын тиесілі айлықтарын алып, табыс та табады. Осы тәжірибе арқылы біз оқушылардың бойына еңбекқорлық қасиетті дарытып, еңбектің қадірін түсіндіруге тырысудамыз. «Еңбек етсең, емерсің» демекші, әр адам өз еңбегінің қызығын көріп, халқына пайдасын тигізуге міндетті.

**– Алғаш іргетасы қаланған сәттен бері мекемеге өзіңіз басшылық етіп келесіз. Қиын емес пе?**

– «Атамекенді» басқару мен үшін үлкен мәртебе. Еңбегінді бағалап, жұмысыңа қолдау білдіріп жатса, басқару ешқашан қиынға соқпайды. Бұл арада ұжымның татулығы мен ісінің берекелі болғаны өте маңызды. Біздің ұжымда білікті мамандар жұмыс жасайды. Әрқайсысы өз ісінің шебері. Бұл қатарды кейінгі жастар толқыны толықтырып келеді. «Жас келсе – іске» демекші, жастар жүрген жерде жаңа идея, жаңа энергия бар. Жастардың осы қасиеттерін, ыңғайын байқап, оларды бір соқпаққа салсаңыз, өздері әрі қарай алып кетеді. Тек оларға ақылшы, жолбастар бола білу керек. Мұндай ұжымды біріге отырып басқаруды қиын деп айта алмаспын. Менің ұжымымдағы қызметкерлер – менің отбасым, менің ең жақын достарым, сырластарым. Басқарып отырмын дегеннен гөрі басқарып отырмыз дегенім дұрыс болар осы орайда.

**– Егер сізге жоғарыдан өзге қызметтерге ұсыныстар түссе, қалай қабылдайсыз? Әлде сіз үшін мұражай қымбат па?**

– Қазақ «қызмет қолдың кірі» деп бекер айтпаған болар. Маған қызметтен гөрі шығармашылық жақын. Мұражай нағыз шығармашылық көзқарасты талап етеді. Мен шығармашылықтан рахат аламын. Саналы ғұмырымды мұражай саласының дамуына арнағым келеді. Сондықтан маған мұражай қымбат.

**– Республикамыздағы мұражайлардың басын бір арнаға тоғыстырып, олардың ортақ бағытта жұмыс істеуіне күш жұмсап жүргеніңізді жақсы білеміз. Қазіргі уақытта Қазақстан мұражайларының дамуы қандай күйде?**

– Қазіргі таңда Қазақстан мұражайлары даму үстінде. 2013 жылы 17 мамырда ҚР ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының шешімімен Қазақстандағы ИКОМ (Қазақстан Халықаралық мұражайлар кеңесінің комитеті) құрылған болатын. ЮНЕСКО жобасы бойынша халықаралық конференцияларда Қазақстан музейлерінің қызметкерлері өз тәжірибелерін байытып, сонымен қоса, шет елдер музейлерімен байланыс жасауда. Елімізде 224 мұражай бар. Қазіргі уақытта бұл дерек күн санап өсіп келеді. Бұл дегеніміз, мұражай ісінің кең қанат жайып келе жатқанын білдіреді. Жасыратыны жоқ, мамандар тапшылығы сезіледі. Алдағы уақытта бұл мәселені шешу үшін «Атамекен» кешені жанынан қысқа мерзімде біліктілік арттыратын курстар ұйымдастыру жоспарымызда бар. Оқытатын мамандар жеткілікті. Мұражай қызметіндегі кенжелеп қалған ақпараттандыру

ісі, қор сақтау жұмыстарын жүйеге келтірумен қатар, ғылыми табыстарды айналымға қосу, қызметкерлердің шығармашылығын шыңдау істері бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

**– Еліміздегі мұражайлар Тәуелсіз Қазақстанның ғылымына үлес қоса алды ма? Жалпы мұражайларды ғылыми тұрғыдан қарастыру қаншалықты қажет?**

– Музеология – бұл ғылымдағы жас ғылымдардың бірі. Заманауи ғылымдарда мұражайтану саласының орны ерекше. Себебі, кез келген тарихи жәдігерлерді, артефактілерді, жиналған коллекцияларды ашу және оларды классификациялау қажет. Осының бәрін сақтап болашақ ұрпаққа жеткізу музей саласының мамандарына жүктеледі. Тәуелсіз Қазақстанның тарихына мұражайлардың қосып отырған үлесі зор. Қазақстандағы жинақталған жәдігерлер саны 2 млн 700 мың шамасында болса, осыншама дерек тарихымызды жазуға негіз бола алады. Мұражайдағы жәдігерлер көненің көзі, тарихтың тірі куәсі. Үстіміздегі жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен тарихымызды зерделеу ісі қолға алынды. Бұл қолдау мұражай ісіне, мұражайдағы ғылымға екінші тыныс берді. Елдің назары, қоғамдағы зиялылардың назары бірден мұражайға ауды. Осы орайда Мемлекет басшысы мұражай жұмысына қанат бітірді деп айта аламын. Қолдауды айрықша сезінген мұражайлар түрлі экспедициялар, көрмелер, конференциялар, форумдар ұйымдастырып, зерттеулер жүргізуде. Мұның қорытындысы тарихымызды зерттеуге қосылған үлес болып табылады.

**– Еліміздегі тұңғыш рет шыққан «Мұражай педагогикасы» атты жаңа идеяның авторысыз. Идея бүгінгі күні өз жемісін беруде ме?**

– Елімізде тарихи қосалқы білімдердің ішінде кенжелеп қалған бір сала бар. Ол мұражайтану мен оның педагогикасы. Тарихты оқыту арқылы тәрбиелеу саласына қатысты еңбектер жарық көргенімен, аталған саладағы әдебиеттердің орнын толтыра алмай келеді. Міне, осы кемшін тұсымызды толтыру менің ең басты мақсатым болатын. Оның үстіне, елімізде білім берудің құрамдас бөлігі – тәрбиедегі кемшіліктерді азайту, оқушылардың рухани даму мәселелерін онтайландырып, мектептердің тәжірибелік-бағдарлы құрамын жетілдіру мақсатында жасөспірімдерді мұражай педагогикасы әдісімен оқыту ісіне де қажеттілік туындап отыр. Міне, осы қажеттілікті ескере отырып арнайы оқулық дайындадым. Осы үшін «Оқу-тәрбие үдерісіне мұражай педагогикасын енгізудің тиімді жолдары мен жағдайы» атты ғылыми-әдістемелік конференция да өткіздік. Осы арқылы ұстаздардың тәрбие беру үрдісіне мұражай педагогикасын енгізуді ұсындық. Ұсынысты мұғалімдер қабыл алды. Таяуда ғана елімізге іссапармен келген ЮНЕСКО-ның рухани құндылықтарды зерттеу және олардың мәдениетінің түрлері мен дінаралық диалог жөніндегі кафедрасының доценті, ЮНЕСКО сарапшысы Нина Кочеляева біздің кешендегі мұражай педагогикасы орталығының жұмысымен танысып, өзінің ризашылығын білдірді. Астана мектептерінің жүзге жуық оқушылары осы орталыққа келіп білім алады, тәрбие негіздерін үйренеді. Ұстаздарға ұнап, оқушылар үшін оң нәтижесін беріп, сырт көз сыншы болып, жоғары бағасын беріп жатқан бұл идея өз жемісін бере бастады деп айта аламын.

**– Қазақстандағы мұражайлардың басын біріктіріп, ассоциация құрғаныңызды білеміз. Бүгінгі күні осы қауымдастықтың тыныс-тіршілігі қалай?**

– Елімізде алғаш рет 2011 жылдың 17-19 мамыр аралығында Астанада Қазақстан мұражайтанушыларының алғашқы форумы өтті. Форум қатысушыларының шешімі бойынша ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен «Қазақстанның мұражайлары ассоциациясы» Қоғамдық бірлестігін құру жайында резолюция қабылданды. Бүгінгі күні еліміздегі мұражайларға әдістемелік көмектер көрсетудеміз. Шамамыз келгенше Астанадағы іс-шараларға шақырып, қатыстырып отырамыз. Алдағы уақытта қауымдастықтың сайты ашып, мұражайларды интернет кеңістігінде біріктірмек жоспарымыз бар. Бұл іске жас мамандар келіп қосылуда. Ғаламтор қазіргі уақытта

ақпаратқа қол жеткізудің ең жылдам жолы болғандықтан осы жобаны қолға алудамыз. Қауымдастық жанынан мұражайлардың ортақ баспасөз клубын ашып, ол жерде БАҚ өкілдері мұражайлардың ғылыми табыстарымен танысуына мүмкіндіктер жасаймыз. Бұл мұражай қызметін ақпараттандырудағы жаңа әдісіміз болмақ.

**– Үмітхан ханым, мұражай жайлы біраз жаңалыққа қанық болдық. Енді сіз және сіздің отбасыңыз жайлы білгісі келетіндер үшін әңгіме арнасын отбасыңызға бұрсақ...**

– Мен қарапайым отбасында дүниеге келдім. Алты ағайынды болатынбыз. Үйдің тұңғышы өзім едім. Әкем Дәуренбек ортасына сыйлы, еліне қадірлі болды. Қытай жақта ел «Дәуренбек төбесі» деп атап кеткен жер бар. Сол төбе елдің әкеме орнатқан мәңгілік ескерткіші сияқты. Жыл сайын елге барып, ағайын-туыстың басын қосып құран оқытып, отбасымызбен жиналамыз. Аллаға шүкір, бәріміз өмірден өз орындарымызды таптық. Ал келін болып түскен елімді өмірден тапқан бақытым, бағым деп білемін. Мен Болаттың отбасынан көп құрмет көрдім. Ата-енем Димаш аға Қонаевтың отбасымен жақсы араласып тұрды. Жақсы-жайсаңдардың шапағаты маған да тиді. Олардан көрген өнегем мен алған тәрбием мені осындай жетістіктерге жеткізді Отағасы Болат Мертенев ғылым мен өнерді биік бағалайтын, қадірін түсінетін азамат еді. Өмірінің соңына дейін мені құрметтеп өтті. Жұмыстан шаршап келген сәттерімде балаларды тамақтандырып, серуендеуге алып кететін. Менің қамымды ойлап, бір сәт тынығып алсын дегені. Кейде осы сәтті, махаббатпен жасалған осындай құрметті аңсаймын. Амал не, тағдыр дегенін жасамай қоймайды. Болатты жанымнан ерте алып кетті. Менің кеудемде тек оған деген мәңгілік сағыныш қалды. Жастық шақ өз дәуренімен өткенімен, жарыма деген махаббат, мәңгілік сағыныш менің кеудемде соңғы демім қалғанша лаулап тұрады. Амал не, оралмас сәттерді сағынумен, бір көктемге бір күз ілесіп, ай артынан жылдар өтіп жатыр. Қазір мен Болаттың тапсырған аманаты – ұлым мен қызымның тілеуін тілеймін. Ұлым Елдос Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ін бітірген, Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының магистратурасын да бітіріп, PhD дәрежесін де алған. Қазіргі таңда Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы продюсерлік орталығының менеджері қызметін атқарады. Балдан тәтті немерем Айдостың қызығын көріп отырған әжемін. Қызым Еңлік Қазақ Ұлттық Музыка Академиясы колледжінің «Халықтық аспаптар» факультетін, Шанхай (ҚХР) қаласындағы Шанхай университетінің «Халықаралық юриспруденция» факультетінің магистратурасын бітірді. Қазіргі таңда Сыртқы істер министрлігінде маман болып жұмыс атқарады.

**– Қазіргі жастарда «билік, жұмыс, ақша» бірінші орында тұрады. Отбасына келгенде ақсап жататыны жасырын емес. Осы орайда бүгінгі жастарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?**

– Жұмыс, ақша, қызмет, мансап – оның бәрі уақытша қажеттілік қана, бұл қажеттіліктер уақыт өте өз құндылығын жоғалтады, тек адамгершілік қарым-қатынас пен шынайы сезім ғана мәңгі қалады. Сондықтан жастардың бойында осы қасиеттер болса алар асуы, бағындырар биіктері көп болады. Қазақтың қызы өзіне ғана тән қылығын, келіндеріміз ибалы мінезін жоғалтпасын. Бүгінгі бойжеткен – ертең бір үйдің келіні, өз жанұясының отанасы, болашақта бір әулеттің анасы болатынын ұмытпауы керек. Адамның бойындағы барлық жақсы қасиеттер ананың ақ сүтімен дариды. Ананың сүті күннің шуағы секілді бойға нұр береді. Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Сондықтан жас келіндер жүрегін жарып шыққан баласының денсаулығына, болашағына көп көңіл бөлуі керек. Уызына жарып өскен бала ұлттың жалғасы, елдің қорғаны. Ұлтты сақтап қалатын, жақсылықты адам бойына сіңіретін – бүгінгі аруларымыз.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан  
Майгүл ОҢҒАРБАЕВА**